

"Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 — 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 43 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1734 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 505 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.20 № 505 Қаулысымен.

«2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 43 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 15, 182-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011	жылғы	30
№ 17	қаулысымен	желтоқсандағы
бекітілген		

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссия және пайымдау

Миссиясы - ақпарат, байланыс және ақпараттандыру саласында қолжетімді және сапалы қызметтерді ұсынуға, инфокоммуникациялық инфрақұрылымды, отандық ақпараттық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік тиімді іске асыру.

Пайымдауы - қазіргі заманғы стандарттарға сай және әлемдік ақпараттық кеңістікке толыққанды кірігуді қамтамасыз ететін дамыған, қолжетімді инфокоммуникациялық инфрақұрылым және қазіргі заманғы жалпыұлттық ақпараттық орта.

2. Ағымдағы жағдайды талдау және даму үрдістері

Мультимедиялық қызметтерді ұсынуға бағытталған, қазіргі заманғы технологияларға негізделген қызметтерді, өндірістерді және ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) инфрақұрылымдарын дамыту

Дамудың негізгі параметрлері

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласын (бұдан - әрі - АКТ) дамыту «болашақ экономика салаларының» аясындағы мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады, бұл оның қазіргі заманғы Қазақстан экономикасы үшін маңызды екенін көрсетеді.

АКТ ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар және телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметтер және өндіріс салаларын қамтиды. Осы саланы дамыту байланыс технологиясының, телерадиохабар таратудың және ақпараттық технологиялардың туындауына байланысты, соңғы онжылдықта бүкіл әлемде байқалады.

Осы саланы дамыту мақсатында Министрліктің алдында АКТ-ны тұтынуды және қолдануды айтарлықтай ұлғайту, елдің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында АКТ-дағы қазақстандық қамтуды ұлғайту міндеті тұр.

Телекоммуникация саласының үрдісі жоғары жылдамдықты оптикалы және сымсыз технологияларға негізделген инфрақұрылымды дамыту, халыққа және ұйымдарға мультимедиялық қызмет ұсыну, сондай-ақ жергілікті телефон байланыстарын цифрландыру деңгейін көтеру болып табылады.

Байланыс операторлары жұмыс істеп тұрған қалалық талшықты-оптикалық инфрақұрылымның негізінде қалалық мультисервистік қолжетімділікті және

Metro Ethernet көлік желісін құруды жүзеге асырады, ол ADSL негізіндегі интернетке кең жолақты бұқаралық қолжетімділік, қалалық жоғары жылдамдықтағы арналар сияқты жаңа қызмет түрлерін енгізуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Елді мекендерде CDMA 450 технологиясын пайдаланып, ауылдық елді мекендерді телефонизациялау және интернеттендіру үшін байланыс желісін салу жалғасуда.

Қазіргі уақытта ұялы байланыс операторлары 3G үшінші буынның желілері Астана, Алматы қалаларында және барлық облыс орталықтарында пайдалануға енгізілді.

Интернет желісіне қол жеткізу қызметін дамыту шеңберінде 2011 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы Қазақстан Республикасының аумағында 4G төртінші буын байланыс желілерінің енгізу құқығын «Қазақтелеком» АҚ-на беру туралы шешім қабылдады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2011 жылғы 27 тамыздағы хаттамасына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-на 1730-1785/1825,2-1880 МГц диапазонындағы 20 МГц беру шешілді.

Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы аумағында 40 стандартын енгізу үшін радиожилік спектрін бөлу үшін бірреттік төлемді анықтау бойынша жұмыстар жүрзілуде.

Министрлік байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру мақсатында радиожилік спектрінің және радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін радиоэлектрондық құралдардың және радиожилік тағайындаулардың тізілімін тиімді сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Телекоммуникациялық салаларды дамыту жөніндегі өткізіліп жатқан іс-шаралар елдің әр 100 тұрғынына есептегенде 2010 жылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- 1) тіркелген телефон желісінің тығыздығы - 24,9;
- 2) ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - 124;
- 3) интернет пайдаланушыларының тығыздығы — 31,6;
- 4) жергілікті телекоммуникация желісін цифрлау деңгейі - 92%.

Пошта байланысы саласында қызмет көрсету нарығының негізгі жеткізушісі Ұлттық оператор болып табылатын «Қазпошта» акционерлік қоғамы болып қалып отыр. Қызмет көрсетулерді еліміздің барлық аумағын қамтитын 2800 пошта байланысы бөлімшелері жүзеге асырады.

Хат-хабарларды жіберу секторында, ірі қалаларда, баламалы жеткізгіш қызметтердің пайда болуы (жергілікті пошта байланысы) байқалады. Осы нарықта бәсекеліктің пайда болуы, дәстүрлі желілермен салыстырғанда

неғұрлым қолжетімді хабарламалар, жарнама материалдарын жеткізу бойынша қызметтердің пайда болуына ықпал етеді.

Негізгі проблемаларды талдау

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы негізгі проблемалар :

- 1) интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікті дамытудың төмен қарқыны;
- 2) елдің үй шаруашылықтарының телефон байланысы және Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімді қызметтерімен толық қамтылмауы;
- 3) ауылды елді мекендердің пошта байланысы бөлімшелерімен жеткілікті қамтамасыз өтілмеуі ;
- 4) халықты компьютерлік техникамен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;
- 5) АКТ құралдарының отандық өндірісі деңгейінің төмендігі және оның импортқа тәуелділігі болып табылады.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

І ш к і ф а к т о р л а р :

- 1) телекоммуникация саласын дамыту, шектеулі ресурстарды (радиожилік спектрі, нөмірлеу ресурсы) пайдаланумен тікелей байланысты;
- 2) ұялы байланыстың бекітілген желілермен конвергенциясының дамуымен жаңа телекоммуникация қызметтері пайда болады;
- 3) тіркелген және мобилді байланыс нарығының дамуымен бірге олардың ақпаратты технологиялармен конвергенциясы негізінде қызметтердің жаңа түрлері п а й д а б о л у д а ;
- 4) қазіргі заманғы ақпараттық коммуникация құралдарының дамуы тұтынушылардың дәстүрлі пошта қызметтері түрлеріне деген сұранысының төмендеуіне әк е п с о қ т ы р а д ы ;
- 5) IT-қызметтері нарығының негізгі кірісі мемлекеттік тапсырыс есебінен с ұ р а л а д ы ;
- 6) Қазақстанда бағдарламамен қамтамасыз ету нарығында үстемдік ету жағдайына шетелдік өндірушілердің өнімі ие;
- 7) Қазақстандық кәсіпорындар негізінен белгілі халықаралық өндірушілердің қондырғыларын іске асырумен және компьютерлік техниканы жинаумен а й н а л ы с а д ы .

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

- 1) байланыс кәсіпорнының кірісіне халықтың саны, орналасу тығыздығы және қ о зғ а л ы с ы ә с е р е т е д і ;
- 2) телекоммуникациялық нарықтың жағдайы еліміздегі экономикалық

белсенділікке

тікелей

байланысты;

3) АКТ секторының импортқа тәуелділігінің жоғарылығы.

Мемлекеттік қызметтерді ұсыну, техникалық сүйемелдеу, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру және үдерісін жетілдіру

Дамудың негізгі параметрлері

Бүгінгі күні АКТ ақпараттық қоғамды қалыптастыруға арналған маңызды құрал болып табылады, ал мемлекет пен халық қатынастарында «өткізуші» «**Электрондық** **үкімет**» **болды.**

Бұл ретте, АКТ-ны мемлекет органдарында қолдану бірінші кезекте халыққа және бизнеске электронды нысанда қызмет көрсетуге, мемлекеттік органдардың мөлдірлігін және есептілігін жоғарылатуға бағытталған болуы керек.

Қазіргі уақытта халыққа және ұйымдарға мемлекеттік электрондық қызметтер ұсынудың хал-күйі мынадай деректермен сипатталады:

1) орталық және жергілікті атқару органдар интернет-ресурстар арқылы халыққа және бизнеске интерактивті қызметтер көрсетеді (басшылық блогы, электрондық мемлекеттік сатып алу, интерактивтік сауал және т.б.) және транзакциялық қызметтер көрсетуге ауысуды жүзеге асырады;

2) «Электрондық үкімет» инфрақұрылымы құрылуда, оның аясында өнеркәсіптік пайдалануға 20 IT-ден астам жоба енгізілген;

3) электрондық форматқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерін оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілген. Осыған байланысты «электрондық үкімет» порталында (бұдан әрі - ЭҮП) автоматтандырылған мемлекеттік қызметтер мен сервистердің жалпы саны 2009 жылмен салыстырғанда 10-ға төмендеді, 64-ті құрады. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 9 қызметі және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бір қызметі оңтайландырылды.

Сонымен қатар, ЭҮП арқылы берілген электрондық анықтамалардың саны 2010 жылмен салыстырғанда 4,2 есеге көбейді және 6,7 млн. астам анықтаманы құрады;

4) 5 жергілікті атқарушы органда және орталық лицензиярлардың аумақтық бөлімшелерінде «Е-лицензиялау» (бұдан әрі - «Е-лицензиялау» МДҚ) ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта «Е-лицензиялау» МДҚ 17 орталық мемлекеттік және 3 жергілікті атқарушы органда енгізілді.

«Е-лицензиялау» МДҚ арқылы қалыптасқан электрондық лицензиялардың саны 2010 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге көбейді және 2011 жылдың 10 айында 2585 электрондық лицензияны құрады;

5) орталық мемлекеттік органдарды құжаттарды қағаз тасығышта қайталамай электрондық құжат айналымына көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде;

6) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы азаматтарды мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларына электрондық өтініш беру жүйесі құрылды;

7) 2011 жылғы пилоттық аймақтың 6 әкімдігінде (Ақтөбе, Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай облыстарында) 20 қызметті автоматтандыру бойынша «Е-әкімдік» өңірлік шлюзі» ақпараттық жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде;

8) «электрондық үкімет» төлем шлюзі көмегімен ЭҮП арқылы жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төлеу мүмкіндігі іске асырылды. ЭҮТШ көмегімен төлемдердің жалпы саны а.ж. 1 қаңтарында шамамен 12,0 млн. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі — ХҚО) қызметін жақсарту бойынша үлкен жұмыс атқарылды. ХҚО-ның жұмыс істеуіне қажетті нормативтік база құрылды, халыққа және бизнеске қызмет көрсету бойынша рәсімдер жеңілдетілді, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша оң үрдіс бар.

Барлық мемлекеттік қызметтерді ақпараттық қамтамасыз етудің толыққанды жүйесі бар ХҚО-ға көшіру, ХҚО кадр құрамының біліктілік деңгейін арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету мониторингісінің бірыңғай құралын жасау және оның жұмыс істеуі мен мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешу қажеттігі туындайды.

Азаматтарға және бизнеске қызметтер көрсету үдерісін одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету үшін "жалғыз терезе" қағидаты бойынша жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді көрсету жөнінде ХҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардан ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беруді Мемлекет басшысы қолдады. Осыған байланысты ХҚО мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын жақсартуға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленетін болады.

Бұдан басқа, ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде Министрлік компьютерлік инциденттерге мемлекеттік деңгейде қарсы іс-қимыл мәселелерін, атап айтқанда Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымына бірігетін ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеу есебінен реттеуде.

Ақпараттандыру саласында және әлемдік қоғамдастықтың тұтастыққа қозғалысы жағдайында еңбек нарығына сай жоғары білікті, кәсіби мамандарды даярлау қажеттілігі туып отыр. Қазіргі қоғамның мамандарды кәсіби дайындық деңгейіне қоятын талабы жоғары және шет елдермен ынтымақтастық аясы кеңеюі, сондай-ақ жаңа коммуникациялық құрал-жабдықтардың пайда болуы жағдайында басқа елдердегі әріптестермен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі аса ө з е к т і б о л у д а .

Ақпараттық коммуникация саласында білім беруді дамыту мақсатында «Ақпараттық технологиялар халықаралық университеті» акционерлік қоғамы (IT-Университеті) АҚШ-тың Carnegie Mellon университетімен тығыз ы н т ы м а қ т а с у д а .

Бұдан басқа, «Ақпараттық жүйелер» және «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша бакалавриат пен магистратураның 4 (төрт) жаңа мамандығы ашылды, сондай-ақ (IT-Университеті) үшін Малайзия, Сингапур, Корея және Ресей жоғары оқу орындары арасынан қосымша шетелдік әріптестерге іріктеу жүргізілуде. Мамандандырылған IT-колледждер ашу мәселесі пысықталуда.

Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру шеңберінде трансұлттық АКТ компанияларымен бірлесе, АКТ саласында бірқатар ғылыми-зерттеу зертханаларын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта отандық жоғары оқу орындарының негізінде төрт зертхана ашу жоспарлануда, оның ішінде:

- «Қазақстан-британ техникалық университеті» АҚ базасында робот техника з е р т х а н а с ы ;

- «Ақпараттық технологиялар халықаралық университеті» базасында компьютерлік кесте зертханасы;

- Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттің базасында микропроцессорлық жүйелер зертханасы;

- «Ақпараттық технологиялар халықаралық университеті» АҚ базасында а ш ы қ ж ү й е л е р з е р т х а н а с ы .

Осы зертханалардың қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасында АКТ саласында зерттеу қызметін дамыту және салалық ғылыми-зерттеу институтының құру қажеттілігі туындады, ол мынадай функцияларды іске асыру арқылы АКТ дамытудың өзекті бағыттарын анықтайтын және үйлестіретін болады: R&D қызметі, АКТ әзірлемелерін коммерциялау, АКТ мамандарын даярлау және қайта даярлау мәселелері, нормативтік құқықтық актілер бастамалары, салалық стандарттарды әзірлеу және жүйелендіру, жабдықтарды, өнімдер мен қызметтерді сертификаттау,

лицензияланатын қызметті және қызметтер сапасын бақылау, сала қызметін және жеке қызмет түрлерін, сараптамалық қызметті талдау, консалтинг және жобалар а у д и т і .

Бұдан басқа, «Ақпараттық технологиялар паркі» аумағында АКТ-кластерін құру жөніндегі жобаға бастамашылық жасалған. АКТ-кластері ғылыми-зерттеу кешенінің, бизнес орталығының, дата-орталығының, бизнес инкубациялау және дамыту институттарының АКТ-кластерінің жұмыс істеуі үшін басқа да қажетті функцияларымен себу қорының құрылысы көзделген 30 га ауданы бар аумақты а л ы п ж а т ы р .

Қазақстан Республикасында АКТ қарқынды дамыту үшін негізгі спектісі мемлекеттің жоғарыда аталған саланың даму институттарын құру болып табылады.

Негізгі проблемаларды талдау

Электрондық қызмет көрсетуді дамытуды тежейтін негізгі проблемалар:

- 1) ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің, ақпараттық жүйелердің және мемлекеттік органдардың ресурстарының қорғалуы деңгейінің төмендігі;
- 2) электронды түрде мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған мемлекеттік органдардың бизнес-үдерістерін автоматтандырудың төмен қарқыны;
- 3) «бір терезе» қағидасымен электронды нысанда мемлекеттік қызмет көрсетулер деңгейінің жеткіліксіздігі.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

І ш к і ф а к т о р л а р :

- 1) мемлекеттік қызмет көрсетулерді электрондық нысанда ұсыну үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін дамыту;
- 2) ақпараттық коммуникация саласында білім беру қызметтеріне сұранысты т ұ р а қ т ы а р т т ы р у ;
- 3) электрондық және «электрондық үкімет» мемлекеттік қызметтерді алға ж ы л ж ы т у .

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

- 1) ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамытудың жедел қ а р қ ы н ы ;
- 2) ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға қарай жылжу;
- 3) халықаралық нарықта IT-мамандар даярлаудағы жоғары бәсекелестік.

Отандық ақпараттық кеңістіктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Дамудың негізгі параметрлері

Қазіргі уақытта республикамызда бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) 2 740 бірлігі жұмыс атқарады, оның ішінде мемлекеттік - 439 (16 %), мемлекеттік емес - 2 301 (84 %).

Олардың құрылымы мынадай үлгіде бөлінген: жалпы санының 91 %-ы газеттер (1 662) және журналдар (832), 9,5 %-ын - электронды БАҚ-тар (50 телекомпания, 43 радиоккомпания, 134 кәбілдік теледидар және 6 спутниктік хабар тарату операторлары) және 0,5 %-ын ақпараттық агенттіктер (13) құрайды.

Жұмыс істеп тұрған БАҚ-тардың жалпы санындағы қазақ тілді БАҚ-тардың үлесі 20 %, орыс тілінде - 34 %. Бұл ретте, осы көрсеткіштер соңғы үш жылдың көлемінде іс жүзінде өзгеріссіз қалып отырғанын атап өту керек.

Шет мемлекеттер аумағында таратуға мүмкіндігі бар медиа ресурстар арқылы имидждік жұмыстар жүргізіліп, шет елдердегі мемлекеттік БАҚ-тардың тілшілер қосынын қызметі жолға қойылған.

Республика тұрғындарын елімізде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар туралы жедел ақпараттандыру және олардың мүдделерін қолдау, сондай-ақ көрермендерді жаңа қызықты фактілер және адамдармен таныстыру мақсатында Министрлік заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтарды енгізу арқылы мемлекеттік телеарналардың қызметін кеңейту жоспарланып отыр.

Мысалы, қазіргі уақытта Астана қаласындағы телерадиокомпанияларын тапсыруға даярлауда, ол мемлекеттік хабар тарату компаниялары үшін басты технологиялық алаң ретінде қызмет көрсетіп, осы компаниялардың сапалы және бәсекеге қабілетті контент өндіруге ағымдағы және перспективадағы қажеттілігін қанағаттандыратын болады. Объект ең алдымен «Хабар» агенттігі» АҚ, «Қазақстан» ТРК» АҚ негізгі мемлекеттік телерадиокомпанияларды, сондай-ақ «Мир» халықаралық телерадиокомпаниясы» және «ОРТ+Еуразия» телекомпаниясы сияқты саяси және әлеуметтік маңызды арналарды орналастыруға бағдарланған.

Телевизиялық контент өндірісінің санын ұлғайту ұлттық спутниктік желінің және жерүсті сандық телевизиялық және радио хабар таратудың өрістеуіне және кеңеюіне байланысты ерекше өзекті болып отыр. Кешеннің өндірістік базасы тек таспасыз қазіргі заманғы технологиялар мен жоғарғы нақтылық форматта (HD) ғана жоспарланып отыр.

Сондай-ақ БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіруге ерекше назар аударылып

отыр. Бүгінгі таңда, Министрлік «Телерадио хабарларын тарату туралы» заң жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына енгізді. Ол қабылданған жағдайда, заң жобасы отандық ақпараттық кеңістікті дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұрғындардың отандық теле-, радиоарналарға қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан тәуелсіздігі мен егемендігін алған сәттен бастап халықаралық мұрағат кеңістігіне қазақстандық мұрағаттардың ықпалдасуы басталды. Ең алдымен ТМД елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықтың мәселелері шешілді. 2010 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша республикада бірыңғай мемлекеттік мұрағаттар торабын құрайтын 234 мемлекеттік мұрағат мекемесі жұмыс істейді, олар Республика мемлекеттік мұрағаттарының бірыңғай жүйесін құрайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағат мекемелеріндегі сақтаудағы Ұлттық мұрағат қорының және жеке құрам бойынша құжаттардың 1991 - 2010 жылдар аралығында 11652,1 мыңнан 24221,6 мың сақтау бірлігіне дейін өсуі Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын толықтыру, сақтау және пайдалануды қамтамасыз ету бойынша өзіне жүктелген міндеттердің сәтті орындалғанын дәлелдейді. Алғашқы кезекте бұған ұйымдастыру-әдістемелік басқару және Ұлттық мұрағат қорын толықтыру көзі болып табылатын, 15 жыл ішінде 8 246 дан 12 317 мыңға өскен ұйымдарға мұрағат ісі және іс жүргізу мәселелері бойынша практикалық көмек көрсету ықпал етеді.

Қазіргі таңда ынтымақтастық туралы 14 алыс және жақын шет елдермен және халықаралық ұйымдармен келісім жасалды.

Республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың көмегімен мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңарту, компьютерлендіру, автоматтандырылған мұрағаттық технологияларды жасау және енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан тарихы бойынша шет мемлекеттердің мұрағаттарында, кітапханаларында және ғылыми мекемелеріндегі сақтаудағы құжаттарды (көшірмелерді) іздестіру және алу жұмыстары жүргізілуде. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Египет, Франция, Түркия, Польша, Қытай, Россия, Өзбекстан және Армения елдерінің мұрағаттарына және ғылым мекемелеріне мамандардың іссапарлары жүзеге асырылды.

Алайда, мұрағат ісі және құжаттама жүйесінің жай-күйін талдау Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне қойған міндеттерді шешуге бағытталған және еліміздің жаңа тарихи даму кезеңінің қажеттіліктерін және бүгінгі болмысын ескеретін бағдарламалық шаралар кешенін қабылдаудың қажеттігін дәлелдеп отыр.

Ақпараттық технологияны жаппай енгізу және пайдалану аясында мұрағат мекемелері жұмысының негізгі бағытын ақпараттандыруда артта қалғандығы

айқын көрініс табады және мұрағат ісінде ақпараттандыру тәсілдерін өзгерту өте қ а ж е т .

Қазақстанның кітап шығару саласы бүгінгі күні белгілі бір өрлеу үстінде. Қазіргі уақытта Кітап палатасында 284 баспа басылымдары және кітап шығару ұйымы тіркелген. Шығарылатын әлеуметтік маңызы бар әдебиеттің ассортименти кеңеюде, кітаптың полиграфиялық орындалуы және көркемдік безендірілуі ж а қ с а р у д а .

Бұл ретте, әлеуметтік маңызы бар әдебиет - бұл қоғамның рухани-танымдық және интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттыруға, өскелең ұрпақты патриотизм және жалпы әлемдік құндылықтар идеалдары рухында тәрбиелеуге, сондай-ақ, елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-танымдық және мәдени өміріндегі жетістіктерді танымал етуге бағытталған көркем, ғылыми, публицистикалық, энциклопедиялық және басқа да өзекті шығармалар.

Ең басты мақсат ғаламдық ақпараттық қоғам құруға біртіндеп жылжу бар, ең жаңа технологиялар, бірегей ақпараттық ресурстар қарқынды құрылуда және е н г і з і л у д е .

Қазақстандық Интернет сегментін дамытуға кеңжолақты қолжетімділікті енгізу, дата-орталықтар құру, «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін электрондық қызмет көрсетулерді көбейту, мемлекеттік органдардың порталдарын дамыту, әлеуметтік маңызы бар интернет-ресурстар құру (балалар мен жасөспірімдер үшін) ықпал етеді.

Қазіргі уақытта веб-хостинг қызметтеріне сұранысты, деректерді бастапқы және резервтік сақтауды және сыртқы нарыққа кезең-кезеңмен шығуды қамтамасыз ету мақсатында есептеу орталықтарының (дата орталықтарының) дамуын күшейту қажет. Дата-орталықтары инфрақұрылымдарының болуы, Қазнетті, электронды коммерцияны, электрондық қызметтерді және «электрондық үкіметті» дамыту үшін бастапқы шарт болып табылады.

Қазақстандық контентті дамыту, электрондық сауда алаңдарын және интернеттік сауда қажеттілігіне бағытталған электрондық төлем жүйесін құру қазақстандық интернет сегментті инвестициялық тартымды етеді.

Негізгі проблемаларды талдау

Ақпараттық кеңістікті дамытудың негізгі проблемалары:

- 1) отандық ақпараттық саланың бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі;
- 2) медиалық инфрақұрылымның технологиялық артта қалуы;
- 3) цифрлық телерадио хабарлар таратудың болмауы;
- 4) қазақстандық Интернет жүйелері сегментінің жеткіліксіз дамуы;
- 5) дата-орталықтардың хостинг қызметтерін көрсету үшін инфрақұрылымның

д а м ы м а у ы ;

6) қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың және Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын автоматтық режимде орталықтандырылған мемлекеттік есепке а л у д ы ң б о л м а у ы ;

7) Ұлттық мұрағат қордың құжаттарын сақтауға және сақталуына жағдайдың ж е т к і л і к с і з д і г і ;

8) қоғамның отандық ғылыми-техникалық, классикалық, көркем, балалар және жасөспірімдер әдебиетімен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі;

9) шетелдік (ресейлік) кітаптардың қазақстандық кітап нарығында үстемдік етуі болып табылады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) отандық баспа басылымдары БАҚ-тарды халық арасында неғұрлым тиімді тарату мақсатында пошта қызметтеріне тарифтерді төмендету мүмкіндігі;

2) аймақтық БАҚ-тардың бәсекеге қабілеттілігі деңгейін көтеру;

3) мемлекеттік органдардың ақпараттық қызметін арттыру;

4) Қазақстанның ақпараттық саладағы халықаралық ынтымақтастығын д а м ы т у ;

5) БАҚ аясындағы заңнамалық базаны жетілдіру;

6) отандық кітап саудасы нарығының өсуі;

7) Интернет саудасы талаптарына бағытталған электронды төлем жүйесін және онлайн-дүкендер, электронды сауда алаңдарын дамыту;

8) халықаралық жолданым иесі интернетін (қаз.) енгізу.

І ш к і ф а к т о р л а р :

1) мемлекеттік БАҚ-тардың сапасын жоғарылату үшін қазіргі заманғы мультимедиалық инструменттерді белсенді қолдану;

2) отандық теле және радио компаниялардың эфирінде шетелде шығарылған бағдарламаларды ретрансляциялау көлемін азайтуға мүмкіндік беретін цифрлық телекөрсетілімді е н г і з у ;

3) Ұлттық мұрағат қордың сақталуын және орталықтандырылуын қамтамасыз етуге жағдай жасайтын қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың б о л у ы ;

4) жергілікті атқарушы органдардың аймақтарда көрсететін электрондық қызмет жүйелерінің хостингі үшін серверлік платформаны дамыту.

Кеден одағының ақпараттық инфрақұрылымының жағдайларын және тетіктерін жасау

Дамудың негізгі параметрлері

Деректер алмасу кезінде мемлекетаралық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Кеден одағы шеңберінде ақпарат алмасу үшін мемлекетаралық шлюзді (Кеден одағының сыртқы және өзара сауданың ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегменті) құру қажеттігі т у ы н д а й д ы .

Жүйе мынадай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Кеден одағының кедендік аумағында экономикалық ықпалдасудың дамуы;
- Ықпалдастырылған ақпараттық ресурстарды қолданудың нәтижесінде сыртқы және өзара сауданың экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруы.

О л ү ш і н :

- Кеден одағының сыртқы және өзара сауданың ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментін құру;
- Ұлттық сенімді үшінші тарапты құру қажет.

Негізгі проблемаларды талдау

Ақпараттық коммуникациялар саласында білім беруді дамытудың негізгі п р о б л е м а л а р ы :

- 1) ақпараттық коммуникация саласындағы басым мамандықтар бойынша талаптар бар біліктілік анықтамалығының болмауы;
- 2) отандық жоғарғы оқу орындарының жаңа білім беру технологиялар мен ІТ - білім беру халықаралық стандарттарын трансферттеу мақсатында шетелдік университеттермен ынтымақтастықтың төмен деңгейде дамуы;
- 3) елде ақпараттық инфрақұрылым құру үшін білікті мамандардың жетіспеуі болып табылады.

3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, мақсатты индикаторлары, міндеттері, іс-шаралары, нәтижелер көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Мультимедиялық қызметтерді ұсынуға қызметтерді көрсетуге бағытталған, қазіргі заманғы технологияларға негізделген өндірісті және АКТ инфрақұрылымын дамыту

1.1-мақсат. Ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымының дамуын қоса алғанда ЖІӨ-дегі АКТ секторы үлесінің өсуіне қол жеткізуді қамтамасыз ету

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар кодтары 001, 002, 006, 017, 027, 029

Мақсатты индикаторлар	Ақпар. кезі	Есепті кезең			Жоспарлы кезең				
		Өлш. бірл.	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Ұялы байланыс пайдаланушыларының саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	59	66	30	34	34	33	33
2. Телефон желілері («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	60	54	50	50	50	49	49
3. Интернет пайдаланушыларының саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	82	69	62	67	67	65	65
4. Кең жолақты Интернет желісі абоненттерінің саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	64	53	67	49	49	48	48
5. Интернеттің өткізу қабілеттілігі («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	-	69	66	49	49	48	48
6. Инфрақұрылымның жалпы сапасы («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	69	74	51	51	51	50	50
7. Мемлекеттік органдармен қабылданатын шешімдердің айқындылығы («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	83	75	46	46	46	45	45
8. ЖІӨ-дегі АКТ-секторының үлесі 2015 жылға -3,8%	Стат.дерек	%	3,70	3,40	3,40	3,45	3,55	3,70	3,80
9. «Ақпарат және байланыс» саласының нақты көлем индексі	Стат.дерек	Өткен жылға, %	-	106,4	107,0	108,0	108,0	109,0	108,0

1.1.1-міндет. Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарын телефон байланысымен, Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен және АКТ саласындағы базалық қызметтерге кең жолақты қолжетімділікпен қамтуды 100%-ға жеткізу

[illegible]

[illegible]

2. Деректер беруге қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны	Стат. дерек	Бірлік	3 314 134	3 900 000	4 300 000	4 400 000	4 500 000	4 600 000	4 700 000
3. Тұрғындары 1000 және одан көп адамнан тұратын елді мекендерді ұялы байланыс қызметтерімен қамту	Б А М дерегі	%	-	65	70	77	84	100	100

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	4	6
1. Ұялы байланыс операторлар арасында 1920-1980 МГц, 2110-2170 МГц 20 МГц дейін диапазонда (қабылдау/тапсыру) жиіліктерді бөлу	X	X	-	-	-
2. Байланыс операторларымен 3G жаңа буын ұялы байланысы стандартын енгізуді қамтамасыз ету:	X	X	X	X	-
2-1. Астана және Алматы қалаларында және облыс орталықтарында	X	X	X	X	X
2-2. Халық саны 50 000 және одан жоғары елді мекендерде	-	X	X	X	X
2-3. Халық саны 10 000 және одан жоғары елді мекендерде	-	-	X	X	X
3. Астана және Алматы қалаларында және облыс орталықтарында 4G жаңа буын ұялы байланысы стандартын енгізу	X	X	X	X	X
4. Радиомониторинг жүйесіне техникалық сүйемелдеу	X	X	X	X	X
5. Монополиялық немесе басым жағдайға ие нарық субъектілері мемлекеттік тізіліміне енгізілген байланыс операторлары тарифтерін реттеу және оған мониторинг жүргізу	X	X	X	X	X

1.1.3-міндет. Қазақстанның барлық аумағына цифрлық хабар таратуды енгізу									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпар. көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Қазақстанның аумағын эфирлі цифрлық телехабар таратумен қамту	Б А М дерегі	%	-	-	-	25	62	95	95
2. Эфирлік цифрлық телехабар тарату үшін орнатылған таратқыштардың саны	Б А М дерегі	бірл.	-	-	-	67	429	347	-
3. Эфирлік цифрлық хабар таратылатын телеарналардың саны	ҚР БАМ дерегі	бірл.	-	-	-	30	30	30	30
					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Эфирлік цифрлық хабар таратуды енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және бекіту					-	X	X	-	-
2. Республика аумағында эфирлік цифрлық хабар таратуды іске қосу					-	X	X	X	-
3. Радиотелевизиялық станцияларды жаңғырту және салу (РТС)					-	X	X	X	-
4. Аналогты радиотелевизиялық станцияларды пайдаланудан шығару					-	-	-	-	X
3. Қазақстан Республикасы орбитальдық жиілік ресурсының халықаралық құқықтық қорғалуы жөнінде іс-шаралар өткізу					X	X	X	X	X
1.1.4. Қазақстан Республикасында АКТ-ны дамытуға ықпал ететін салалық стандарттардың деңгейін халықаралық нормаларға дейін жеткізу және құқықтық негізді қалыптастыру									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпар. көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. АКТ саласындағы стандарттарының жалпы санынан үйлестірілген стандарттардың саны	ИЖТМ деректері	%	73	74	74,5	75	75,5	76	76
2. АКТ саласындағы әзірленуші мемлекеттік стандарттардың саны	Б А М деректері	бірлік	13	3	1	12	1	1	-
3. АКТ саласындағы әзірленетін НҚА саны	Б А М деректері	бірлік	-	6	6	2	-	-	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Байланыс саласындағы мемлекеттік стандарттарды әзірлеу					X	X	X	X	-
2. Байланыс саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру (заң жобаларын/ НҚА-ны әзірлеу					X	X	X	X	X
3. Жыл сайынғы салалық стандарттау, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту саласындағы Жоспарды әзірлеу және іске асыру					X	X	X	X	X
4. Сапа менеджменті жүйесін халықаралық талаптарына сай енгізуді ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жүргізу					X	X	X	X	X
1.1.5. Компьютерлік сауаттылық деңгейін жоғарылатуға жағдай жасауды қоса алғанда АТ қызметтері секторын дамыту									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпар. көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

1. ІТ-нарығының жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. дерек	%	-	7	10	17	25	32	35
2. ІТ-қызметінің қазақстандық қамту үлесі	Стат. дерек	%	-	30	40	50	65	80	85
3. Қораптық (лицензияландырылған) ПҚ көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. дерек	%	-	3	5	8	11	15	17
4. ІТ-жабдықтар секторы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. дерек	%	-	4	5	7	8	10	11
5. Мемлекеттік тапсырыс негізінде iCarnegie халықаралық стандарттары бойынша ІТ мамандықтарда оқитын студенттердің саны (өткен жылға шаққанда)	БАМ деректері	бірл	300	300	300	300	300	300	300
6. ХАТУ-гі ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны	БАМ деректері	бірл	-	-	-	1	2	3	4
7. Халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейі	Стат. дерек.	%	19,4	43,7	44	44,2	44,5	44,8	45
8. 100 адамға дербес компьютерлер саны	Стат. дерек	бірл.	19,7	20,8	21	22	24	26	27
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1. «Алатау» АТП ЕЭА инфроқұрылымын дамытуға қатысу					X	X	X	X	X
2. Жоғары технологиялық кондырғылар өндіруді ұйымдастыру					X	X	X	X	X
3. ТЭН, ТҚ дайындау және ІТ-жобаларының қазақстандық қатынас үлесін көрсету қажеттілігі бөлігіндегі қосымша талаптары конкурстық құжаттамаларға техникалық айрықшалау бойынша ұсыныстар әзірлеу					X	-	-	-	-
4. ІТ-коммерциялық жобаларды қаржыландыру үшін арнайы қаржы ұйымын құру					-	X	-	-	-
5. 2015 жылға қарай 900-ден кем емес iCarnegie сертификаттарын беру					-	X	X	X	X
6. Студенттер және оқушылар арасында АКТ өзекті тақырыптары бойынша, олимпиадалар өткізу					X	X	X	X	X
7. Халықаралық сарапшыларды тарту арқылы ЖОО мен колледждердің оқытушыларын қоса алғанда, АКТ-қоғамдастық үшін семинарлар және конференциялар өткізу					X	X	X	X	X
8. Колледждер базасында ІТ бөлімдерін ашу бойынша ұсыныстар әзірлеу					-	X	X	X	-
9. «Халықты «Электрондық үкімет» аясында оқыту бойынша қызметтер» бағдарламасын іске асыру					X	X	X	X	X
10. Мемлекеттік емес ұйымдармен ІТ саласын дамыту бойынша шаралар жүргізу					X	X	X	X	X

11. Отандық компьютерлік-коммуникациялық жабдықтарды сатып алуға және отандық ІТ -өнімдерді ілгерілетуге кепілдендірілген тапсырыс қалыптастыру бойынша тетіктерді әзірлеу	X	X	X	X	X				
12. Қазақстандық қамтуды жоғарылату тұрғысынан салалық қауымдастықтармен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен қарым қатынас жасау	X	X	X	X	X				
1.1.6-міндет. Әкімшілік тосқауылдарды төмендету									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпар. көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Бизнесті тіркеу және жүргізумен байланысты уақыт пен шығындар, сонымен қатар рұқсаттамалық тәртіпті қамтитын операциялық шығындарды төмендету	Б А М деректері	%	-	-	-	-	-	30	-
2. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы субъектілердің қысқартылған жоспарлы тексерулердің жалпы санының үлесі (бір жылғы тексеру жоспарына сәйкес) (өткен жылға)	Б А М деректері	%	-	5	5	5	5	5	5
3. Электронды нысанда берілетін байланыс саласындағы рұқсат құжаттамаларының үлесі	Б А М деректері	%	-	10	20	30	60	100	-
Тікелей нәтижелер көрсетіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6				
1. Құжаттардың толықтығын қарау мерзімін шектеу арқылы рұқсат құжаттарын алуға кететін уақыт шығынын қысқарту	X	-	-	-	-				
2. Байланыс саласындағы қызметтердің қосымша түрлеріне арналған мемлекеттік қызметтердің стандартын әзірлеу	X	X	-	-	-				
3. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің жалпы тексерулеріне жалпы талдау.	X	X	X	X	X				
4. Тексеру жүргізу жоспарын жоспарлау кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекелдік деңгейі жүйесін есепке алуды ескеру	X	X	X	X	X				
5. Интернет-порталдар арқылы рұқсат құжаттарын алуға өтініш және құжаттар топтамасын беруді ұйымдастыру	X	X	X	X	-				
6. Өтініш иесінің құжаттарын міндетті түрде нотариалды куәландыруды алып тастау	X	X	X	-	-				

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну, техникалық сүйемелдеу, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру және үдерісін жетілдіру

мерзімі 5 жылға дейін құжаттарға қатысты ведомствоаралық құжат айналымын қағаз түрінде қайталамай электрондық форматқа көшіру	М О деректері	%	-	-	-	100	100	100	100
5. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен ақпараттық ресурстардың үлесі	Б А М деректері	%	-	33,2	50	80	100	100	100
6. Депозитарийге енгізілген мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттамалардың үлесі	Б А М деректері	%	-	36,4	45	60	70	85	100
7. 2012 жылдан бастап мемлекеттік тілде интерфейспен қоса өндірістік пайдалануға енгізілген орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелерінің үлесі	Б А М деректері	%	-	-	-	100	100	100	100
8. «Электрондық үкіметтің» құрауыштарымен ықпалдасуға жататын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ықпалдасқан ақпараттық жүйелерінің үлесі	Б А М деректері	%	-	22	40	50	70	85	100
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар қызметтерді электронды нысанға көшіру					X	X	X	X	X
2. Электронды нысанда ақпараттық технологияларды қолдану және мемлекеттік қызметтерді көрсету жөнінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне бағалауды жүргізу					X	X	X	X	X
